

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

7 маусым 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0004 ic

«GRANTLY» ЖШС

Талап қоюшы

Рискулов Рустам Данияр углыға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Апелляцияға рұқсат алу туралы өтініш қабылданбады.

ШЕШІМ

1. Бұл "Grantly" ЖШС-ының ("Grantly") АХҚО ұсақ даулар сотының ("ҰДС") 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № AIFC - C/SCC/2022/0022 іс бойынша шешімін апелляцияға беруге рұқсат алу туралы өтініші, онда ҰДС Талап қоюшы Рискулов Рустам Данияра углы мырзаның пайдасына Жауапкер - Grantly компаниясына қарсы шешім шығарды және Талап қоюшыға 35000 АҚШ долларын төлеуге Grantly-ді міндеттеді.
2. АХҚО сотының қағидаларының 29.6 қағидасында: апелляциялық сот (1) апелляцияның сәтті болуының орынды перспективасы бар деп есептесе; немесе (2) апелляциялық шағымның қаралуы тиістілігінің тағы бір салмақты себебі бар деп есептесе, апелляцияға рұқсат берілуі мүмкін деп көрсетілген. 29.7 қағидаға сәйкес, апелляцияның сәттілігі төменгі соттың шешімі (1) дұрыс емес болғандығын; немесе (2) төменгі соттың сот өндірісінде елеулі процестік немесе өзге де қателіктер себебінен әділетсіз болғандығын анықтауға байланысты болады.
3. ҰДС өз шешімінің 2-тармағында Grantly оған ұзақ мерзім берілгеннің өзінде де қарсылық бермегенін және талап арыздың мәні бойынша жауап бермегенін атап өтті. ҰДС-та жеңілдетілген сот өндірісі тәртібімен шешім шығару туралы ереже жоқ болуына байланысты, АХҚО сотының қағидаларының 28.39 қағидасына сәйкес, Сот талап қоюды Талап қоюшы ұсынған дәлелдемелердің негізінде және тыңдаулар өткізбей қарауға кірісті. Талап арыз Талап қоюшының білім беру саласындағы сарапшы ретінде қызметтер көрсету жөніндегі келісімшартына қатысты болды. Ұсынылған дәлелдемелердің негізінде Сот шарт бойынша мәлімделген соманы төлеудің талапшарттары сақталғанын анықтады.
4. Апелляцияға рұқсат алу туралы өтініште ҰДС-тың шешіміне негіз болған дәлелдемелердің негізсіздігі туралы жалпыланған тұжырым ғана келтірілген. «"Ұсынылған **[Талап қоюшы ұсынған]** дәлелдемелер негізсіз болып табылады, өйткені **[Талап қоюшы]** келісімшарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін іс жүзінде орындамаған, бұл «Grantly» ЖШС-ына залал келтірді, себебі Жауапкер келісімшартты орындау барысында күткенін алған жоқ және осы келісімшартта көзделген аккредиттеулерді/рұқсаттарды алмауына байланысты залалдарға ұшырады». Осы Соттан сұралып отырған құқықтық қорғау құралы ҰДС шешіміне қарсы арыз беру және **[Талап қоюшының]** мәлімделген талаптары оларды **[ҰДС-та]** қарау шеңберінде қабылданбай тасталғанын, бұл Жауапкердің шарттың орындалуына сеніп, бірақ оны алудың орнына осы жағдайда келтірілген шығындарға ұшырауына әкелгенін дәлелдеу мүмкіндігі ұсынылуы болып табылады.
5. Мұндай арыз үшін ешқандай негіз жоқ. Grantly-дің өз қорғау нұсқасын растаушы дәлелдермен қоса ҰДС-қа ұсыну мүмкіндігі болды, бірақ ол мұны істемеді. Ол тіпті ҰДС-тағы талқылауға өзінің қатыспағанын мәні бойынша ақтауға немесе түсіндіруге де тырыспады. Ол енді жоққа шығарып, апелляцияда бірінші рет өзін қорғай алатынына сенім де арта алмайды. Қалай болғанда да, апелляцияға рұқсат алу жөніндегі өтініште баяндалған жалпылама

тұжырымдар ҰДС-тың оның шешіміндегі дәлелдемелерге негізделген қорытындыларына қатысты күмән тудыра алмайды немесе шешімнің қате болғанын көрсете алмайды.

6. Тиісінше, апелляцияның сәтті болуының орынды перспективасы жоқ және апелляция қаралуы тиіс болатын басқа салмақты себептер де жоқ. Сондықтан апелляцияға рұқсат беруден бас тартылады.

Сот қабылдады,

Сэр Стивен Ричардс
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан сыртқы өкіл Валентин Лобач мырза өкілдік етті, Алматы, Қазақстан.

Жауапкер өз мүдделерін өз бетінше білдірді.